

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2022ж. 15-маусымдағы  
шешімімен (№ 11/2022 хаттама),  
бекітілген

## **«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың орнықты даму саласындағы саясаты**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдары (бұдан әрі - Компания) мүдделі тараптардың мүдделерін сақтай отырып, Компанияның ұзақ мерзімді құнын өсіру үшін орнықты даму қағидаттарына және өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісімділігін қамтамасыз етуге бейілділігін білдіреді.

Компания БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын және БҰҰ Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді ескере отырып, орнықты дамудың көшбасшысы болуға ұмтылады.

Компания өзінің 2031 жылға дейінгі Даму стратегиясында орнықты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге, операциялық қызметке және шешімдер қабылдау процестеріне шоғырландыруға бағытталған стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде **«Орнықты даму және өндірістің көміртекті сыйымдылығын үдемелі төмендетуді»** анықтады.

Осы Саясатты іске асыру үшін Компания басшылығы басқарудың барлық деңгейлерінде өзіне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

### **Орнықты экономикалық қызметті қамтамасыз ету:**

Компанияның қаржылық және операциялық көрсеткіштеріне қол жеткізу орнықты даму қағидаттарына қайшы келмейді;

Компанияда стратегиялық және бизнес-жоспарлау орнықты даму қағидаттарын ескере отырып жүргізіледі;

Неғұрлым жетілдірілген технологияларды құруға және дамытуға инвестицияларды ұлғайту есебінен еңбек өнімділігін және бизнес-процестердің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

Қалыптасқан активтер портфелін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету және өзінің инвестициялық қызметі есебінен Компанияның құндылығын одан әрі арттыру;

Тікелей және жанама экономикалық ықпал ету арқылы Компания жұмыс істейтін өңірлерді дамытуды және жергілікті тұрғындардың әл-ауқат деңгейін арттыруды қамтамасыз ету;

ESG қағидаттарына сәйкес орнықты сатып алуды қамтамасыз ету;  
Компанияда сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа жол бермеуді қамтамасыз ету;

Орнықты даму саласындағы тәуекелдердің ықпалын анықтауды және азайтуды қамтамасыз ету;

Компанияның қаржылық және қаржылық емес есептілігінің ашықтығын қамтамасыз ету және есептілікті мүдделі тараптарға ашық қолжетімділікте орналастыру.

### **Орнықты экологиялық жауапкершілікті қамтамасыз ету:**

Өндірістік қызметті жүзеге асыру кезінде сақтық қағидатын сақтауды қамтамасыз ету және теріс әсерлерді барынша азайту және барынша пайда алу үшін жерлерді қалпына қамтамасыз ету;

Экологиялық менеджмент жүйесін жетілдіруді қамтамасыз ету;

Компания қызметінің Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамасында белгіленген барлық талаптар мен нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету;

Экологиялық тәуекелдерді жүйелі бағалау, іске асырылатын қызметтен қоршаған ортаға қолайсыз әсер ету тәуекелдерін барынша азайту және болдырмау ету;

Компанияның көміртегі ізін қысқарту бойынша мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету;

Кәсіпорындардың негізгі және қосалқы процестерінің энергетикалық тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету және энергетикалық менеджмент жүйесін ету;

Экологиялық, энергия және ресурс үнемдейтін технологияларды қолдануды және өндіріс қалдықтарын азайтуды қамтамасыз ету;

Газды жоспарлы алау етіп жағудың нөлдік деңгейіне қол жеткізуді және атмосфераға шығарындыларды азайтуды қамтамасыз ету;

Ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету;

Жаңа бірлескен кәсіпорындар құру кезінде су тұтыну қарқындылығының жалпы көрсеткішіне кәсіпорындардың әсерін есепке алуды қамтамасыз ету.

### **Орнықты әлеуметтік жауапкершілікті қамтамасыз ету:**

Адам құқықтарының мүлтіксіз сақталуын және этика саласындағы жоғары халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету;

Еңбек заңнамасы талаптарының қатаң сақталуын, оның ішінде кемсітушіліктің кез келген нысандарына жол бермеуді, балалар және мәжбүрлі еңбекті пайдалануды, корпоративтік жанжалдарды және мүдделер қақтығысының туындауын қамтамасыз ету;

Еңбек ұжымдарында әлеуметтік орнықтылықты қамтамасыз ету және сенімгерлік корпоративішілік қатынастар орнату;

Жұмыс орындарын құруды, гендерлік айырмашылықтарға қарамастан қызметкерлерге әділ және лайықты еңбекақы төлеуді, қызметкерлер үшін әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету;

Қауіпсіз еңбек жағдайларының жоғары деңгейін қамтамасыз ету және денсаулықты сақтау;

Шағымдар мен ұсыныстар берудің тиімді тетіктерінің болуын қамтамасыз ету;

Ағымдағы және болашақ бизнес-процестерді орындау үшін қызметкерлерді мақсатты оқытуды және дамытуды қамтамасыз ету.

Компанияның осы Саясатта көрсетілген міндеттемелері Компанияға, мердігерлік ұйымдарға қолданылады және Компанияның әріптестермен іскерлік қатынастар жүйесіне енгізіледі.

Компания басшылығы осы Саясатты іске асыру үшін барлық қажетті ресурстарды ұсынуға жауапты.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының осы Саясатты қолдануы белгіленген тәртіппен ұқсас Саясаттарды әзірлеу және бекіту немесе ұйымдардың ішкі құжаттарын осы Саясатқа сәйкес келтіру арқылы жүзеге асырылады.